



ӘОЖ 91/37

ГТАХР 39.01.45

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.95(3).80

Қуантаева С.М.**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан****ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА «ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ» ӘДІСІН
ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа. «Төңкерілген оқыту» әдісі ұғымына толық түсініктеме берілген. Білім беру саласында бұл әдістің мұғалім мен оқушылар үшін маңыздылығы айқындалған. Сондай-ақ, бұл әдістің артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасалған. «Төңкерілген оқыту» оқыту технологиясының Блум таксономиясымен байланысы қарастырылды. «Төңкерілген оқыту» әдістің география сабақтарында пайдаланудың ерекшеліктері көрсетілген.

Бұл әдіс – сабақтарды бейнетүсірілім арқылы көрсетіп, оқушылардың білу, түсіну дағдыларын дамыту мақсатында үй тапсырмасы ретінде ұсынылатын педагогикалық әдіс түрі. Үйден жаңа тақырып бойынша біліп, түсініп келген оқушы, мектепте мұғаліммен бірге жаңа тақырыпты қолданып, анализ, болжау жасап, бағалай алу мүмкіндігіне ие болады. Аталған жоғары деңгейлерге жеткен оқушы жаңа тақырыпты толық меңгере алатын болады.

Кілт сөздер: төңкерілген оқыту; төңкерілген класс; география сабағы; тиімді оқыту; блум таксономиясы.

Кіріспе

Білім беру жүйесі бүкіл әлемде қоғамның ғаламдық және саяси жүйенің өзгерісінен, басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлар әсерінен қалыптасады. Ертедегі білім негізінен дәстүрлі педагогикалық бағытты қолдаған болатын. Алайда, жақында ақпараттық технология салаларындағы революциялық жетістіктер, ауқымды ғаламтор-технологиялардың дамуы білім саласының жаңа бағытын ашты. Жаңа әлемнің талаптары, орындау үшін, оқытудың инновациялық тәсілдері жарыққа шығады. Зерттеушілер оқудың стилі мен теориясының моделін жақсарту үшін әрдайым ізденіс үстінде жүреді. Олар білім саласына оқудың жаңа технологияларын енгізіп, өндіреді. Бүгінгі заманғы жастардың ой-өрістері ақпараттық технологиялардың дамуымен қатар қарқынды дамуда. Оқушылар қажетті ақпаратты сынып ішінде ғана емес, сондай-ақ, сыныптан тыс мекемелерде түрлі ақпараттық құралдарды пайдалана отырып қабылдай алады. Сондай-ақ, адамдарда өзіндік оқу стилі мен жеке қабылдау жылдамдығы да бар. Сол себепті, оқушыларда жаңа ақпараттарды қабылдау қабілеттерін арттыру және тәжірибе қалыптастыру мақсатында үнемі білім саласын жаңа қырынан ашу маңызды. Білім саласының қазіргі таңдағы жаңа қыры - «Төңкерілген оқыту» инновациялық әдісі болып табылады.



«Төңкерілген оқыту» – ғаламторды пайдалана отырып, белгілі бір тақырып бойынша сабақты мультимедия түрінде көрсетуге негізделген жаңа педагогикалық әдіс. Бұл әдіс ең алғаш 2015-2017 жылдары Назарбаев Зияткерлік мектебінде зерттей бастады. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты мектептерде бұл әдістің қолдану артықшылықтар мен кемшіліктерін айқындау.

«Төңкерілген оқыту» Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңа әдіс түрі болып табылады. Бұл зерттеу еліміздегі Назарбаев Зияткерлік мектептерінде ғана емес, басқа да жалпы білім беретін мектептерде қолданылуы қажет, себебі мектептерде ақпараттық технологияларды білім жүйесіне кіріктіру маңызды болып отыр. Қазіргі заман – технология заманы болғандықтан барлық оқушылар ұялы телефон, смартфон, гаджеттер, компьютермен қамтамасыз етілген. Сол себепті оқушылар онлайн немесе ұялы телефондары арқылы WhatsApp желісін пайдаланып, өз ойлары мен идеяларымен бөлісіп, өзекті мәселелерді цифрлық технологиялардың көмегімен шешіп белгілі бір тақырып бойынша байланыстыра алады. Мұғалімнің сабақтағы уақыты санаулы болғандықтан, ол барлық оқушыларға тиісті деңгейде көңіл бөле алмайды, дәл осы кезде осы әдіс көмекке келеді. Бұл әдіс – сабақтарды бейнетүсірілім арқылы көрсетіп, оқушылардың білу, түсіну дағдыларын дамыту мақсатында үй тапсырмасы ретінде ұсынылатын педагогикалық әдіс түрі. Үйден жаңа тақырып бойынша біліп, түсініп келген оқушы, мектепте мұғаліммен бірге жаңа тақырыпты қолданып, анализ, болжау жасап, бағалай алу мүмкіндігіне ие болады. Аталған жоғары деңгейлерге жеткен оқушы жаңа тақырыпты толық меңгере алатын болады.

Төңкерілген оқыту әдісі Бенджамин Блумның таным деңгейлерінің таксономиясына негізделіп жасалған әдіс. Оқыту барысында теориялық білімді терең меңгертіп, оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділіктерін арттыратын оқыту технологиясының бірі Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы болып табылады. Блум таксономиясы 6 деңгейден тұратын оқыту технологиясы. Олар: білім, түсіну, пайдалану, талдау, синтез және бағалау жатады (1-сурет). Негізгі бөлімде әр деңгейге жеке-жеке тоқталып, оның маңыздылығы айқындалады. Төңкерілген оқыту әдісі осы көрсетілген деңгейлерді толық қамтуға тырысады. Блум таксономиясы әрбір тақырыпты мұқият оқып-үйренуге жағдай жасаса, Төңкерілген оқыту әдісі осы таксономияның деңгейлерін толық ашып, пайдалануға жағдай жасайды.

Мұғалім жаңа материалды бейнежазба арқылы көрсетіп, сабақ барысында оқушыларға тәжірибелік тапсырмалар беру арқылы теориялық білімін, жаңа тақырыпты меңгеруін бақылайды. Осының нәтижесінде оқушыларға тәжірибе жүзінде орындайтын тапсырмалар мен жұмыстар көбірек жүргізіледі.

Зерттеу материалдары және әдістері

География сабақтарында «Төңкерілген оқыту» әдісін қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау;

Коронавирус пандемиясы Білім процесіне жаңа қырынан қарауды мәжбүрлегендей болды. Мұғалімдер мен оқушылар қашықтықтан оқуға амалсыздан көшуге мәжбүр болды, бұл қазіргі заманғы техникалық және педагогикалық технологияны қолданумен сипатталды.



Қашықтықтан білім алу және қашықтықтан оқыту атты екі ұқсас ұғым бар, бірақ олар бір-бірінен ерекшеленеді. Қашықтықтан білім алу дегеніміз – компьютер мен телекоммуникациялық технологиялар жүйесі арқылы жүзеге асатын оқыту процесі. Ал қашықтықтан оқыту дегеніміз мұғалім мен оқушы тапсырмаларды орындауда, техникалық байланыс құралдарын қоса пайдаланумен өтетін оқу процесі.

Төңкерілген класс моделін алғаш рет негізін қалаған Джонатан Бергман мен Аоран Сэмс, Колорадо орта мектебінің химия пәнінің мұғалімдері. 2006 жылы сабақтан көп қалатын спортшы оқушыларының оқуларын қамтамасыз ету мақсатында ойлап тапқан болатын, кейін бұл ойды білім бағытына қосқан болатын [10].

Төңкерілген класс немесе Төңкерілген оқыту екі түрлі компонентті құрайды. Жаңа тақырыпқа қатысты берілген лекцияны сыныптан тыс электронды құралдар арқылы ұсыну, және практикалық тапсырмаларды, яғни үй тапсырмасын сыныпқа ауыстыру [11].

Білім саласы әр оқушыға жеке бағдарланатын болады. Төңкерілген оқыту моделі, дәл осы әр оқушыға жеке қадам жасайтындай модель бола алады.

Төңкерілген класс моделі – бұл, ең алдымен аралас оқытудың бір түрі. Төңкерілген класс немесе оқыту – кәдімгі лекция және үй жұмыстарын ұйымдасытыру керісінше өткізілетін педагогикалық моделі. Төңкерілген оқыту – аралас оқытуда маңызды рөл атқаратын оқу жоспары [12].

“Төңкерілген оқыту” түсінігі белсенді оқыту, оқушыларды жалпы әрекеттерге тарту, біріктірілген оқыту жүйесі және подкаст сияқты идеяларға негізделген. Бұл “Төңкерілген сынып” құндылығы сабақ уақытын топтық жұмыспен өткізу кезінде оқушылар бір-бірімен лекция мазмұнын ортаға салып, өз білімдерін тексеріп және бір-бірімен практикалық жұмыста тығыз байланыс жасай алу мүмкіндігіне ие. Сабақ уақытында мұғалімнің қызметі – тренер немесе кеңесші ролінде болады, оқушыларды өзіндік және топтық жұмысқа ынталандырады.

Әдетте, Төңкерілген класс алғашқы этапы үй жұмысын водкаст қолдану арқылы орындау болып табылады.

- Видеосабақ қарау;
- Оқу материалдарын оқу, түсіндірмелі суреттерді қарап шығу;
- Меңгерген тақырып бойынша тест тапсыру.

Сынып жұмысы, бұған қарама қарсы, үй жұмысын орындау барысында туындаған күрделі теориялық бөлімдер мен сұрақтарға арналады (25-30% уақыт көп емес). Сондай-ақ сыныпта оқушылар мұғалімнің нұсқаулығымен практикалық тапсырмалар орындап, зерттеушілік тапсырмалармен айналысады. Сабақтағы оқудан соң үйде 3 бөлім басталады, яғни олар практикалық тапсырма орындағаннан түсінгенін қорытындылау мақсатында бағалау тестін тапсырады. Жаңа тақырыпты түсіндіретін видеожазбалардың ұзақтығы 5-7 минутты құрайды. Онлайн-тест сұрақтар белгілі бір уақытпен шектеліп өқояды, оқушылар сол аралықта сұрақтарға жауап беріп үлгеруі тиіс. Көбіне Төңкерілген оқыту кезінде мұғалімдерге қиындық соғады деп есептейді, бірақта алғашқы уақытта қиынға соғуы мүмкін уақыт өте келе бұл оқыту моделіне де үйренері анық.



Видеожазбаларды алдын ала жасаған соң, мұғалімдерге күрделірек іскерлік тапсырмалармен айналысуға көп уақыт қалады.

Төңкерілген оқытуды енгізуде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

Төңкерілген класс моделін енгізудегі ең басты мәселе өту кезеңіндегі мұғалімдерге берілетін жұмыс көлемінің көптігі. Оқу бағдарламасын қайта құру кезінде ең алдымен материалды екіге бөлу керек, бір бөлігі водкаст жасау үшін, ал екінші сынып жұмысына арналған бөлік. Оқушыларды бақылауға арналған тесттерді әзірлеу, үйде және сыныпта топтық жұмыста өз бетімен жұмысты бағалау жүйесін құру, водкасттарды әзірлеу және оларды ғаламторға орналастыру құралдарын меңгеру, ең соңында водкасттарды өздері жасау қажет. Көріп отырғаныңыздай, бұл мәселенің күрделілігі екі компоненттен тұрады - әдістемелік және технологиялық. Мәселенің технологиялық бөлігі бірінші орынға шығады, өйткені мұғалім үшін ондағы барлық нәрсе жаңа. Технологиялық күрделілікті еңсерудің мүмкіндіктері де бар. Мысалы, әртүрлі тақырыптар бойынша дайын жоғары сапалы сабақтар мен көптеген ресурстарды қолдану.

Бұл оқыту моделін зерттеуші Kim, Khera&Getman Төңкерілген кластың жоспарлаудың мынандай принциптерін ұсынады [6]:

- Сабақ басталмастан бұрын оқушыларға алдын алу түсіндіру жұмыстары жүргізу маңызды;
- Оқушыларды сабақ орындағанына және онлайн-сабақтарды қарағаны үшін жиі мадақтау;
- Бағалау әдістерін ұйымдастыру;
- Сыныптан тыс және сыныпшілік сабақтарды байланыстыру;
- Дұрыс қалыптасқан және жақсы ұйымдастырылған басшылықты тағайындау;
- Тапсырманы орындау үшін жеткілікті уақытты белгілеу;
- Жеке және топтық жұмыстарды орындалған соң жылдам кері байланысты қарастыру;
- Оқушыларды өздеріне таныс технологиямен байланыс құралдарымен қамтамасыз ету;
- Сабақтың негізін түсіну ішін оңай тест жасау.
- Дайын сабақты ғаламторға ыңғайлы жолмен салу: ҚОЖ бағдарламасын жүктеу немесе YouTube желісіне салу.

Нәтижелер және талқылау


Төңкерілген оқыту моделін іске асыру барысында Блум таксономиясының барлық деңгейі түгелімен орындалу мүмкін. Сыныптан тыс орындалатын тапсырмалар қатарының құрылымы Блум таксономиясының төменгі деңгейлері, түсіну және есте сақтауға негізделеді. Ал сыныптағы оқыту құрылымы Блум таксономиясының жоғары деңгейлері, бағалау, анализ, қолдануға сәйкес келеді [4].

Оқыту технологиясының атауы педагогикалық мақсаты айқындайтын таным деңгейлерінің алғашқы сызбаларының авторларының бірі америкалық ғалымы Бенджамин Блумның есімімен аталған. Ол 1956 жылы таным деңгейлерінің Таксономиясының бірінші бөлімін, одан кейінгі он жылдықтарда Д.Кратвол



тағыда басқа ғалымдар екінші бөлігін (аффективті аймағын) басып шығарады. Бірінші бөлімі танымның мақсатының (когнитивті) аймағын сипаттайды [5].

Блум таксономиясы когнитивті (танымдық), аффективті, психомоторлы аймақтардан тұрады.



1-сурет. (Р.Жумабаев, Е. Пайзов, 2016)

Отандық тәжірибелерді зерделесек «Төңкерілген сынып» моделі барлық Назарбаев зияткерлік мектептерінде қолданылатын жаңа әдіс болып табылады. Ұсынылған әдіс бойынша жаратылыстану пәндерінде АКТ-ны тиімді қолдануға және оқушылардың өз оқуы үшін жауапкершілікті сезінуіне оң әсерін тигізеді [1].

Отандық педагог-зерттеушілер Р.Жумабаев, Е.Пайзовтың Дәстүрлі оқыту мен Төңкерілген оқытуда Блум таксономия деңгейлері қай оқытуда қалай әсер ететіндігі жөнінде 1- суретте көрсетілген. Бұл суреттемені ашып қарастырып көрейік:

Дәстүрлі оқыту бойынша

- төменгі деңгейде білу және түсінуде – Мұғалім жаңа тақырыпты сабақта түсіндіреді.

- Жоғары деңгейде анализ, бағалу және синтездеуде – Оқушы жаңа материалды сабақта меңгеріп, тапсырманы орындап үлгеруі қажет.


Төңкерілген оқыту бойынша

- Төменгі деңгейде білу және түсінуде – Үйде өз бетінше видеоны қарап, тақырыпты меңгере алады.

- Жоғары деңгейде анализ, бағалу және синтездеуде – Үйде оқып келген материалды сабақта мұғалім көмегімен талқылап, анализ жасай алады.

Салыстырып қарағанда, екі оқытуда да Блум таксонмиясын деңгейлерін толық қолданылады. Дегенмен, өзіңіз байқағандай Дәстүрлі оқытуда уақыттың жетіспеушілігі анық байқалады, балаға оқуда жаңа нәрсені игеріп, талдап кетуі қиынға түседі. Ал Төңкерілген оқытуда уақыт жеткілікті, оқушы жаңа тақырыпты

үйден біліп түсініп келіп, мектепте белгіленген 40 мин ішінде мұғаліммен талдап, түсінбеген сұрағын қойып, өз ойын еркін жеткізе алады. Біз мұғалімдерге білім жолында оқушының жаңа тақырып бойынша асығыс тек біліп түсініп кеткені емес, оны игеріп қана қоймай өз өмірінде пайдалана алуы керек.



2-сурет. Блум таксономиясы

А) Дәстүрлі оқыту

В) Төңкерілген оқыту

Сонымен Блум таксономиясының негізгі санатары төмендегідей:

Деңгейлері	Сипаттамасы
Білу	Оқушылар ұсынылған оқу материалы бойынша қолданылатын терминдерді, нақты фактілерді, негізгі ұғымдарды, ережелер мен қағидаларды біледі.
Түсіну	Оқушылар ұсынылған оқу материалы бойынша фактілерді, ережелер мен принциптерді түсінеді, білімді басқаруды үйренеді, кестелерді, графиктерді, диаграммаларды түсіндіреді.
Қолдану	Оқушылар ұсынылған оқу материалын пайдалана отырып, заңдар, теория, ережелердің қолдана алады.
Талдау	Оқушылар ұсынылған оқу материалы бойынша бұрын алған білімдерін ұштастыра отырып, жаңа білімді аша алады. Логикалық ойлауды іске қосып, қателіктер мен кемшіліктердің себеп-салдарын анықтай алады.
Синтез	Оқушылар ұсынылған оқу материалы бойынша шығармашылық сипатта орындай алады, яғни, өз тұжырымдамаларын ұсына алады, шығарма жаза алады, эксперимент жоспарын ұсына алады.
Бағалау	Оқушылар ұсынылған оқу материалы бойынша барлық деңгей бойынша өзі қорытынды жасап, бағалай алады.

Дәстүрлі оқыту кезінде Блум таксономиясының барлық деңгейлері толық қамтылмайтын еді. Яғни, Блум таксономиясының төменгі деңгейлері білу, түсіну, қолдану ғана қамтылатын. Ал жоғары деңгейлері талдау, синтез, бағалау көбіне тыс қалып, немесе белгілі бір практикалық немесе эксперименттік жұмыстарда



ғана көрініс табатын. Дәстүрлі оқыту кезінде жоғары деңгейлердің толық қамтылмау себебі, сабақ барысында уақыттың жетіспеушілігі, материалдың ауқымдылығы, мұғалімнің тақырып бойынша тек өзінің түсіндіріп, талдауы, оқушылардың өзіндік жұмысқа мүмкіншіліктің жоқтығы.


Ал, Төңкерілген оқыту барысында Блум таксономиясының төменгі және жоғары деңгейлері де толығымен қамтылады. Соның ішінде, жоғары деңгейіне өте жақсы мән беріледі. Бұл тұста дәстүрлі оқытудағы кемшіліктерді жояды, уақыт жеткілікті, себебі, оқушылар жаңа тақырып материалын үйден оқып келеді. Мұғалімге де тиімді, себебі жаңа тақырыпты сыныпта түсіндіріп отырмай, бірден практикалық тәжірибеге көшеді. Топтарға бөлініп, оқыған материалды ортаға салып талқылап, анализ жасап, болашақта болатын жағдаяттардың алдын ала шешімдерін шешуді үйренеді.

Ақтөбе облысы және өзге облыстар бойынша мұғалімгерге “Төңкерілген оқыту” технологиясы бойынша онлайн Google форматта сауалнама жүргізілді.

Сұрақтар тізімі:

1. Төңкерілген оқыту теориясы мен әдістемесі жөнінде хабарыңыз бар ма?
2. Пәнді оқуда сіз бұл оқыту технологиясын қолданып көрігіңіз келеді ме?
3. Бұл әдіс пәнді тереңірек оқытады деп есептейсіз бе?
4. Бұл әдістегі жеке тұлға ретінде мұғалімнің рөлі қандай?
5. Сіздің жалпы оқуға көзқарасыңыз қандай?

75 ответов



3-сурет. Google формасымен жасақталған “Төңкерілген оқыту” сауалнамасына қатысқан мектептер диаграммасы

Сауалнамаға барлығы 75 адам 5 сұраққа жауап берді. Қатысқан мұғалімдердің жас ерекшелігі де анықталды.

Өзге өңірлер бойынша қатысқан мектеп саны – 10

Ақтөбе облысы бойынша қатысқан мектеп саны – 5

Ақтөбе қаласы бойынша қатысқан мектеп саны – 17

Жас ерекшеліктеріне қарай:

12-18 жас – 2

19-25 жас – 19

26-50 жас – 32

51- жоғары – 22



Сауалнама бойынша әрбір 5 сұрақтың жауабына жекелей тоқталайық, №1 сұрақтың жауабы жоқ – 46,7%, иә - 53,3 % құрап отыр. Қазіргі таңда Төңкерілген оқыту технологиясы әлі күнге дейін толық танылып үлгерген жоқ. №2 сұрақ бойынша жоқ – 14,7%, иә - 85,3 % басым бөлігі бұл технологияны өз сабақтарында қолданып көргісі келеді екен. №3 сұрақта Технологияның пәнді тереңдетіп оқытуға жауабы келесідей, есептеймін - 73,3 %, есептемеймін – 13,3%, өз нұсқасын ұсынған мұғалімдер бар мысалы, білмеймін - 5,3 %, мүмкін – 1,3%, арасында мынандай пікірлер қамтылған: “Қандай технология болмасын мұғалім өз ісіне шебер болса, тиімді пайдалана алса”, “Егер дұрыс нақты оқытса”. №4 сұрақта мұғалімнің рөлін былай бағалады, жоғары – 61,3%, орташа – 32%, төмен – 1 %, білмеймін – 3,9 % құрады. №5 сұрақ бойынша жоғары – 66,7 %, орташа – 30,7 %, төмен – 2,7 % құрады.

Қорытынды: Төңкерілген оқыту технологиясы кейбір мұғалімдерге таныс болса, ал кей мұғалімдерге тансық технология болып отыр. Оның тансық болуы да қалыпты жағдай себебі, біздің өмірімізге онлайн оқу, қашықтықтан оқу, мультимедианы пайдалану секілді дүниелер жай қарқынмен көрініс тауып жатыр. Бірақ, бұл жаңа технологияны өз сабақтарында қолданғысы келетін мұғалімдер көп екені анықталды. Осыған орай, мұғалімдер жаңашылдыққа жаны құштар маман иелері екені байқалады. Бұл технологияны пәнді тереңірек оқытуда деген мұғалімдерде сенім мол, ал төмен бөлігі пайдасы жоқ деп есептейді. Ал бірқатар мұғалімдер кез келген жаңа технология мұғалімнің шеберлігіне байланысты деп есептейді. Мұғалімнің жеке тұлға ретіндегі рөлін көп мұғалімдер жоғары бағалап отыр. Бұл оқыту технологиясын мектептерде тәжірибе ретінде жүргізіп, практикалық жүзінде қалай асатындығын қадағалау қажет.

Төңкерілген оқытудың артықшылығы:

1. Жаңа тақырыпты топтық жұмыста талдау кезінде оқушылар бір-біріне ізеттілік көрсетіп, бір-бірінің ойларын құрметпен тыңдай алады.

2. Жеке қадам және кері байланыс – мұғалім әр оқушымен сөйлесе алады, оқушының білім деңгейіне байланысты жеке тапсырманы таңдаудауына және бейімделуіне көмектеседі.

3. Бұл модель оқушыға түсінбеген тақырыпты қайта-қайта қарауға мүмкіндік береді.

4. Жаңа тақырыпты жан-жақты ашып қарауға септігі мол.

5. Сабақта барлық қиын сұрақтар түгелімен шешімін табады.

6. Мұғалім сабақты білім деңгейлері мен мүмкіндіктері әр түрлі оқушылармен оқу жұмысын ұйымдастыра алады.

7. Бірігіп оқытылатын практикалық, лабораториялық, семинар және т.б. сабақ түрлеріне оқу сағаттары босатылады.

8. Төңкерілген оқыту моделін бастауыш, орта, жоғары кластар мен ЖОО қолдануға болады.

9. Сабақтан босатылған оқушылар материалды қайта игере алады.

Сонымен:

1. Төңкерілген педагогикасының қадамдары оқушылардың өзіне бағытталған, сабақ уақытында белгілі бір тақырыпты тереңірек зерттей алады. Төңкерілген сыныпта сабақ беру үлгісі әртүрлі форматта бола алады. Көбіне



ашық сабақ ретінде өтеді. Сабақ өткізу үшін мұғалім өзі дайындаған немесе үшінші жақ тұлғаның жасаған видеосабақтары, интербелсенді тақталар, цифрлық зерттеулер, сөздік материалдар қолданылады. Көптеген оқу материалдары электронды білім ресурсы ретінде ұсыналады: SCREENCAST-O-MATIC, Wizer, Wecamscreencapture, YouTube, VideoNotes, WeVideo, LearningApps, TRIVENTY, QUIZZZ, Kahoot, Quizlet, KhanAcademy, LearnZillion, EdPuzzle, Teachem, GoogleDrive және т.б.

2. Төңкерілген педагогика негізгі білімдік жіне ұйымдастырылған тапсырмаларды шешуге бағытталған: оқу процесін ретке келтіру, мұғалімнің ықпалымен жасақталған, әртүрлі білім деңгейіндегі оқушылардың сабақ уақытындағы белсенділігін қамтамасыз ету (дайындалған және дайындалмаған, мықтылар мен әлсіздер) бақылау, оқу процесін жүйелі қадағалау.

3. Төңкерілген педагогика аудиторияда оқушылармен бос уақытта әңгімелесуге жағдай жасақталған. Әр оқушының жеке деңгейін қадағалауда әңгімелесу мүмкіндігі жоғары. Қиын оқушылардың сабақты түсінбеуі немесе үй жұмысын жасауда көбірек көңіл бөлінеді де, ал дарынды оқушылар өз қарқынымен жұмысты жалғастыра береді. Класста оқытудың негізі – пікір алмасу мен проблеманы шешу. Жаңа білімді ашуда олар танымдық процесске басымдық береді.

4. Мұғалім тұлғасының рөлі маңызды бола бастайды. Мұғалім тәлімгерлік рөлін алып жүреді. Оның негізгі қызметі оқушылардың оқуын үйлестіру, көмек көрсету, кеңес беру және когнитивті және зерттеушілік іс-жұмыста білімдік және проблемалық жағдаяттарды жасау.

5. Дәстүрлі оқыту кезінде оқушылар көбіне мұғалім дәл сол сәтте беріп жатқан ақпаратты қабылдайтын еді. Ал егер оқушылар түсінбей қалған жері болса сол мезетте сұрақ қоя алмайды, сабақ соңында мұғалім өзі рұқсат берген соң ғана сұрақ қоя алатын еді. Оқушылар ақпарат тасымалдағыш видеожазбаларды көру арқылы сабақты тұтастай өздігінен басқара алады, яғни, оны қайтадан бастап қарайды, кері немесе алдыға шегіндіре алады.

Алайда, Төңкерілген оқытуда қазіргі заманғы оқушыларға байланысты бірқатар қиындықтарда қатар жүреді.

Төңкерілген оқытудың кемшіліктері

1. Төңкерілген оқытуға ауыстыру өте жоғары шығындарды тудырады.
2. Мұғалімдердің дайындығына көп мән берілу керек.
3. Ұсынылған оқыту моделдің көптеген оқу материалдары мен класс бойынша тапсырмаларды дайындауда нұсқаушыға көп уақыт пен шығынды талап етеді. Дәстүрлі оқыту моделінен төңкерілген форматқа көшу педагогтардан көп уақытты талап етеді. Педагогтардың видео жасақтауға кеткен уақыты; Оқушылар жаңа форматқа үйрену үшін кеткен уақыт. Мұғалімдердік жаңа инновациялық оқыту стратегиясын қолдануда, әкімшіліктен қолдау мен міндеттеме қажет.

4. Оқушылардың оқу процесінде күнделікті өз қалыптарынан белсенді қатысымға ауысуына уақыт керек. Бұдан бөлек, мұғалімдердің өз дайындығы мақсатты болуы шарт. Оқушылар жаңа оқыту моделіне үйренісіп кеткенше, нұсқаушыға да жеткілікті уақытты кетеді.



5. Төңкерілген педагогикада тиімділік мәселесінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Кейбір авторлар бұл жаңа модельдің ауыстырудың қажеттілігі жоқ деп есептейді, себебі видео жасақтаған мұғалімнің еш құндылығы қалмайды және оқушылардың дамуы үшін еш әсері болмайды деген тұжырымға келді.

6. Төңкерілген курстардағы зерттеулердің көпшілігі оқыту әдістері мен оқу бағдарламаларын әзірлеу процесін құжаттауға, қысқа мерзімді зерттеулерге негізделген қорытындыларға, мұғалімдер мен студенттердің кері байланысына бағытталған. Бағалау әдістері әдетте курстық бағалаулар мен сауалнамалардан алынған сандық деректермен шектеледі.

Төңкерілген моделді оқытуға ендіру кезінде көптеген қателіктер кетуі мүмкін. Бұл төңкерілген оқыту тиімді әрі жеңіл болғанымен тыңғылықты дайындықты талап етеді. Оқу материалын видеожазба ретінде жазу үшін мұғалімге көп уақыт пен күш кетеді, сондай-ақ бұл оқыту моделін сыныпта және сыныптан тыс қолдану аясында оқудың біртұтас құрылымы ретінде оқушыларға принципін түсіндіру маңызды. Бұл модельді жай қарқынмен енгізу кезінде, мұғалімдерге қосымша жұмыс талап етіледі, ал бұл дегеніміз оқытушыларды жаңа қабілет пайда болады. Кейде жаңартылған моделді қолдану кезінде біршама оқушыларда видеожазбаларды қарау және қабылдау сапасы қиындық тудыруы да мүмкін.

Төңкерілген сыныпты қашықтықтан оқытумен көп шатастырады. Төңкерілген класста сыныпта “бетпе-бет” оқыту қалады да, тек құрылымы өзгереді.

Ал оқушылар тарапынан мынандай қиындықтар қарастырылады:

1. Оқушылардың электронды оқулық жүйесін пайдалануда, тіркелу кездегі қиындықтар, электронды курс бағыттарын үйренуде тәжірибенің жоқтығы

2. Оқушылардың оқу сайттарымен коммуникация жасауда қорқыныштың болуы

3. Ақпараттық білім ортасы құрылымының күрделілігін оқушыларда игеруде сенімсіздік тудырады.

4. Үйде өзіндік жұмыс кезінде оқушылардың берілген тапсырманы өздігінен жасамай, мұғалімнің нұсқаулығын бағынышты

5. Шығармашылық пен кретивтіліктің көрсетудің жоқтығы

6. Оқушылардың қызығушылығының жоқтығы, тек бағаланатын элементтердің орындап, бағаланбайтын элементтерді орындамайды

7. Тест және тапсырмаларды ойдағыдай тапсырмағаннан кейін ғана теориялық материалдарға кеш көңіл бөлінеді.

8. Мұғалім оқушыларға жеке көңіл аударса ғана тыңдайды.

Төңкерілген педагогика пайда болуында мыналар қамтылмайды.

- Төңкерілген педагогиканың сапалы зерттеуінің терең мағынасы;

- Төңкерілген оқытудың қалыптасуы үшін жұмыс бағдарламалары мен оқу материалдары, теориялық негіздер мен бағалау әдістері

- Төңкерілген оқытудың жоспарын құруын зерттеушілер, практиктер мен өңдеушілерге тапсырыс беру

География сабағында Төңкерілген оқыту моделін қолдану ерекшеліктері



Төңкерілген класс – негізгі материалды үйде оқиды, ал сабақта интербелсенді жұмыс формасына жұмсалады.

Аралас оқыту моделдерінің ішінде осы Төңкерілген класс моделі ерекше көзге түседі, себебі ол білімді игеруде жаңа технологиялар көмекке келеді. География сабақтарында бұл моделді қолдану біз үшін жаңа бастама болмақ және де жаңа мүмкіндіктерге жол ашары ақиқат. Бұл модель жаңа материалды түсіндіруде екі форманы қарастырады ол – подкаст және водкаст.

Мұғалім алдында үлкен тапсырма тұр – подкаст дайындап оны оқушыларға қолжетімді ресурстарға(ҚОЖ, электронды почта, месседжер, әлеуметтік желі және т.б.) салу арқылы сабағын игерту. Ал оқушылар үшін бұл материалды тың әдіспен үйренудің жолы және түсінбеген жерін қайта бастап қарап өз білімін жетілдіре алады[7]:.

Материалды дайындау кезінде мұғалімдер оқушыларға қосымша көмек жүргізу қажет, мысалы, ресурстарға тіркелу, олардың ашу жолдарын үйрету, инструктормен карталармен жұмыс жасауды үйрету, атластар мен кітаптардың электронды нұсқасын балаларға жүктеуге ыңғайлылығын дайындау.

Жалпы орта білім беру жүйесінде оқушы физикалық және психикалық дамуда секіріс жасайды, ал күнделікті білім беру жүйесі оқу материалын біртіндеп күрделене отырып, жүйелі, логикалық игеруге жағдай жасайды. Алайда, бұл кезеңде оқушылар жиі ауырады, ата-аналарымен бірге саяхаттайды, шетелде тілдік тәжірибеден өтеді, конкурстарға қатысады және сәйкесінше оқу бағдарламасын жіберіп алады, соның салдарынан оқу үлгерімі мен оқуға деген қызығушылығы төмендейді. Сондықтан мұғалімдер бейне, электронды білім беру ресурстары, компьютерлік ойындар сияқты құралдарды пайдалана отырып, медиа-білім беруді, дербестендірілген оқытуды енгізуге жағдай жасауда [8]. Егер дәстүрлі оқыту моделі өзгермесе, онда мұндай технологиялардың әсері шектеулі болады. Цифрлық қоғамның оқу үлгілерін өзгертуге, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға, медиабілімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін нұсқалардың бірі Төңкерілген оқыту технологиясы.

Қазіргі география сабағын сан алуан сандық құрылғыларсыз, мультимедиялық ресурстарсыз, дербес компьютерлерсіз елестету мүмкін емес. Оқу электронды әдебиеті де ерекшелік емес. Электронды оқыту біздің өмірімізге жылдам еніп келеді. Электрондық оқулық – бұл қажетті шындық, бірақ оны тек кәдімгі баспа оқулықтарының орнын басатын құрал ретінде қарастыруға болмайды. Электрондық оқулық оқушыларға тапсырмаларды орындау кезінде мұғалімнен қашықтан кеңес алу мүмкіндігін береді, кез келген жерде, ыңғайлы уақытта білім алуға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқулықтан айырмашылығы электронды оқулықта желілік ресурстарға сілтемелер, анықтамалық және оқу-әдістемелік материалдарға гиперсілтемелер, мультимедиялық объектілер бар, бұл студенттің пән бойынша білімін өз бетінше тереңдетуге мүмкіндік береді. Ал ол мұғалімге география сабағында теориялық материалды елестетуге, оны қолжетімді, түсінікті етуге, оқушыларды пәнді оқуға ынталандыруға, көптеген маңызды әдістемелік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтың маңызды ерекшелігі оның интерактивті мазмұны болып табылады, оның арқасында мұғалім оқу іс-әрекетінің әртүрлі формаларын ұйымдастыра



алады және оқушылардың білімін бақылаудың әртүрлі түрлерін жеке жүзеге асыра алады[9].

Дегенмен, электрондық оқулық мәтіні интерактивтілік қасиеттерін алады, бұл онымен белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік береді: мәтінді көбейту немесе азайту, қосымша материалдарға, карталарға, бейнеклиптерге өту үшін гиперсілтемелерді пайдалану, бұрын оқылған тақырыптарға оралу және т.б. Осылайша, студенттер жүйелік көру географиялық материалды дамытады. Сызбалар, диаграммалар, карталар, графиктер де интерактивті болады, иллюстрацияларды үлкейтуге болады.

География сабағында электронды оқулықпен жұмыс істеу мысалдары келтірілген. Электрондық оқулықты жаңа білім алу көзі ретінде пайдалану Электрондық оқулықта көптеген мультимедиялық ресурстар, интерактивті карталар, бейне роликтер бар, оларды мұғалім жаңа материалды меңгеру кезеңінде оқушылардың білімін ынталандыру үшін де, тұжырымдау үшін де пайдалана алады. мәселе, гипотезаны алға тартады.

Электрондық оқулықты қосымша ақпарат көзі ретінде пайдалану Оқулықтың вариативті бөлігінде пәнді тереңірек меңгеру үшін қосымша материалдар бар. Оларда көптеген мультимедиялық объектілер, фотосуреттер, иллюстрациялар бар. Оларды сабақта да, үйде де қолдануға болады. Күрделі процестер мен құбылыстарды (мысалы, литосфералық плиталардың қозғалысы, субдукция, атмосфералық фронттар, циклондар, антициклондар, табиғаттағы су айналымы және т.б.) түсіндіре отырып, мұғалім электронды оқулықтың гиперсілтемелерін пайдалана отырып, мультимедиялық объектіні экранға шығарады. экранды және осы немесе басқа құбылысты, процесті және т.б.

Электрондық оқулықты білімді тексеру және бақылау құралы ретінде пайдалану Электрондық оқулықта бақылау-өлшеу материалдары бар: әртүрлі тапсырмалар, курс тақырыптары бойынша сұрақтар.

Электрондық оқулықты оқушының әмбебап оқу іс-әрекетін қалыптастыру тәсілі ретінде пайдалану Білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – «оқушыны оқуға үйрету», яғни оған оқу процесінде табысты оқу процесін қамтамасыз ететін оқу әрекетінің әдістерін меңгеруге көмектесу.

Қорытынды

Оқытудағы «төңкерілген» тәсілдің табысты болуы мұғалім мен оқушылар арасындағы синергияға байланысты және оқуға дейін, оқу барысында және оқудан кейін тұрақты мотивацияны қажет етеді. Көптеген ғалымдар бұл педагогика әртүрлі оқу пәндерінде жақсы жұмыс істей алады деп есептейді, бұл сөзсіз жаңа идеяларға әкеледі. «Төңкерілген» оқыту әдісі тек мектептерде ғана емес, сонымен қатар университеттерде де танымал бола бастады.

«Төңкерілген» оқыту білім берудегі күрделі педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндіктер туғызады. Зерттеу кезінде «Төңкерілген» оқыту мәселелерінің ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде жеткілікті зерттелмегенін көрсетті. «Төңкерілген» оқыту саласында педагогиканың негізделген теориялық негіздерін, сондай-ақ бағалау әдістерін құру үшін ұзақ мерзімді бағдарламалар мен оқу материалдарын тәжірибе жүзінде жүзеге асырудың әртүрлі аспектілерін зерттей отырып, одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізу қажет. Бұл әдісті қолдану



үшін ғаламтордың қолжетімді болуы да негізгі факторлардың бірі болып табылады. Мұғалімдер тақырып бойынша бейнесабақтар түсіріп, осы тәсілдің көмегімен оқу сапасын арттыра алады. Мұғалімдер бұл әдісті қолдану кезінде оқушыны ғана АКТ пайдалануды үйретіп қоймай, өздері де қатар үйреніп, бірге дамиды. Мұғалім мен оқушыны жаңашылдыққа, ізденімпаздыққа, уақыт үнемдеушілікке бірігіп талпынады. Кез келген әдіс-тәсіл сияқты бұл әдістің де әлі де дамытатын тұстары бар. Оны жетілдіру үшін мектептерде жай қарқынмен енгізу керек. Назарбаев интеллектуалды мектептерінде қолдау тапқан бұл технология, біздің мектеп-гимназияларында өз орнын табады деген сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] «Төңкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолдану: әдістемелік нұсқаулық./Қ.Қ. Тілеуов, Р.Н. Жұмабаев, Ж.М. Қоңырбаева, С.И. Унбаева, Н.Ә. Тайбазаров. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 41 б.

[2] «Перевёрнутый» класс – инновационная модель обучения./М.В. Воронина. Открытое образование. 2018. – 40 стр.

[3] Особенности применения технологии дистанционного обучения в рамках школьной географии. / А.Р.Башанова., Е.А.Щипцова, Педагогические науки. Теория и методика преподавания.2022- 240 стр.

[4] «Перевёрнутый» класс. /Цепов А. Смоленский медицинский альманах - №3, 2019. -175 стр.

[5] Географияны оқыту әдістемесі:оқулық/Тоқпанов Е.А.,Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О., Асубаев Б.Қ.- Алматы: Эверо, 2015.- 409 б.

[6] Kim, M., Kim, S., Khera, O., & Getman, J. The experience of three flipped classrooms in an urban uni-versity: an exploration of design principles//The Internet and Higher Education. -2014. -V. 22, P.37-50.

[7] Андреева Н.В., Рождественская Л.В.,Ярмахова Б.Б. Шаг школы в смешанное обучение. М.:Открытая школа, 2016. 282 с.

[8] Ремизова, Е. Г. Реализация методики смешанного обучения по модели «перевернутый класс» на уроках информатики: портал [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://msk.ito.edu.ru/2014/section/229/94840/>.

[9] Масленикова О.Н. Работа с электронной формой учебника. М.: Дрофа, 2016. 51 с.

[10] Educause. (2012). 7 things you should know about flipped classrooms. //http://net.educause.edu/ir/library/pdf/ELI7081.pdf

[11] Baeppler, P., Walker, J., & Driessen, M. It's not about seat time: Blending, flipping, and efficiency in active learning classrooms//Computers & Education. 2014. V.78, P.227 236.

[12] See, S., & Conry, J. Flip My Class! A faculty developme nt demonstration of a flipped classroom//Pharmacy Teaching and Learning. 2014. V.6. P. 585 588.



REFERENCES

- [1] Effective use of the method of "flipped learning" in the educational process: a manual. / K.K. Tileuov, R.N. Zhumabaev, Zh.M. Konyrbaeva, S.I. Unbaeva, N.A. Taibazarov. - Astana: Center for Pedagogical Excellence "Nazarbayev Intellectual Schools", 2018. - 41 p.
- [2] "Flipped" class - an innovative learning model. / M.V. Voronin. Open education. 2018. - 40 p.
- [3] Features of the use of distance learning technologies in school geography. / A. R. Bashanova., E. A. Shchiptsova, Pedagogical Sciences. Theory and methodology of reproduction.2022- 240 pages.
- [4] "Inverted" class. / Tsepov A. Smolensk Medical Almanac - No. 3, 2019. -175 p.
- [5] Methods of teaching geography: textbook / Tokpanov E. A., Mazbaev O. B., Uvaliev T. O., Asubaev B. K. - Almaty: Evero, 2015. - 409 p.
- [6] Kim M., Kim S., Kera O., and Hetman J. Experience of three flipped classrooms in a city university: a study of design principles // Internet and higher education. -2014. -IN. 22, pp. 37-50.
- [7] Andreeva N.V., Rozhdestvenskaya L.V., Yarmakhova B.B. Step school in blended education. M.: Open school, 2016. 282 p.
- [8] Remizova, E. G. Implementation of blended learning methods according to the "flipped class" model in computer science lessons: portal [Electronic resource]. - Access mode: <http://msk.ito.edu.ru/2014/section/229/94840/>.
- [9] Maslenikova O.N. Work with the electronic form of the textbook. M.: Drofa, 2016. 51 p.
- [10] Educause. (2012). 7 things you should know about flipped classrooms. <http://net.educause.edu/ir/library/pdf/ELI7081.pdf>
- [11] Baepler, P., Walker, J., & Driessen, M. It's not about seat time: Blending, flipping, and efficiency in active learning classrooms//Computers & Education. 2014. V.78, P.227-236.
- [12] See, S., & Conry, J. Flip My Class! A faculty development demonstration of a flipped classroom//Pharmacy Teaching and Learning. 2014. V.6. P. 585-588.

Куантаева С.М.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА «ПЕРЕВЕРНУТОЕ ОБУЧЕНИЕ» НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Аннотация. Полностью объяснена концепция метода «перевернутого обучения». В сфере образования определена значимость данного метода для учителей и учащихся. Также анализируются преимущества и недостатки данного метода. Рассмотрена связь технологии обучения «перевернутое обучение» с таксономией Блума. Показаны особенности использования метода «перевернутого обучения» на уроках географии.

Ключевые слова: перевернутое обучение; перевернутый класс; урок географии; эффективное обучение; таксономия Блума.



Kuantaeva Sanya
**PECULIARITIES OF USING THE METHOD OF "FLOWED
LEARNING" IN GEOGRAPHY LESSONS**

Annotation. The concept of the "flipped learning" method is fully explained. In the field of education, the importance of this method for teachers and students is determined. The advantages and disadvantages of this method are also analyzed. The connection of the technology of learning "flipped learning" with Bloom's taxonomy is considered. The features of using the "flipped learning" method in geography lessons are shown.

Key words: flipped learning, flipped classroom, geography lesson, effective learning, Bloom's taxonomy.